

Төрәлі ҚЫДЫР

ХАРАЗМИ «МАХАББАТНАМАСЫНДАҒЫ» ФАШЫҚТАҚ ӘЛЕМ

Автор делает содержательный анализ о суфийских и некоторых других терминах из «Мухаббатнаме» Хорезми написанного в период Золотой Орды.

Yazar bu makalesinde Altın Ordu döneminde ortaya çıkan Horozminin "Muhabbatnamesindeki" tasavvufi terimler tedkik etmektedir.

ХАРАЗМИ «МАХАББАТНАМАСЫНДАҒЫ» ФАШЫҚТАҚ ӘЛЕМ

XIV ғасырда дүниеге келген әдеби мұраларымыздың бірі – Харазмидің “Махаббатнамасы”. Ғасырлар қойнауынан жеткен бұл жазба жәдігерге деген қызығушылық өткен ғасырдың алғашқы жартысында арта түсті. Соның нәтижесінде әдеби жәдігерді зерттеуде біршама жұмыстар атқарылды. Солардың қатарында В.В.Бартольд, А.Н.Самойлович, Дж.Клюсон, А.М.Щербак, Ә.Нәжіп, А.Старостин, Т.Жалолов, Ф.Айдаров, Ә.Құрышканов, М.Томанов, И.Кеңесбаев, Ә.Керімов секілді ғалымдар Харазми шығармасын әдеби һәм тілдік тұрғыдан зерттей білді. Әсіресе, А.Қыраубаева, Ә.Дербісөлип, М.Жармұхамедов, Ә.Күмісбаев сияқты ғалымдардың осы саладағы ізденістерін ақын мұрасын ұлттық дүниетаным тұрғысынан насиҳаттаудағы соны еңбек деуге болады. Сондай-ақ, бұл аталған ғалымдардан басқа, “Махаббатнама” туралы зерттеулер түркі халықтарының әдебиет тарихына арналған томдарда, жекелеген ғалымдардың монографияларында, сондай-ақ ғылыми басылымдарда да бірнеше рет жарық көрді.

Десек те ғалымдар назарын тарта білген бұл шығарманың бар құшиясы ашылды деуге әлі ерте. Зерттеулерде бұл әдеби жәдігердің XIV ғасырда (анығы 1353 жылы) Сыр жағасында жазылғандығы көп айтылғанымен де, шығарма авторы туралы толық мәлімет жоқтың қасы. Бұғынгі ғылымға оның, тек Харазми деген атпен ғана қалам тербегені ғана белгілі. Түрколог Ә.Нәжіп шығармадағы “Сүйінсін пенде Харазми Рауани” деген жолға сүйеніп, автордың Рауани деген де таҳаллусы болғанын айтады [1. 10]. Сондай-ақ ол Харазми атты лақап аттың Хожәндидің “Ләтафатнамасында”, Сәйф Сараидың “Тұлістан бит-туркинде” де кездесетіндігін, “Наңжул Фарадис” атты шығарманы жазған автордың да осы атпен аталағын айтты, олардың “Махаббатнамага” қатысы болмады ма еken деген ой тастайды [1. 11]. Десек те, орта ғасырларда ғылым мен білімнің көніші болған Харазм аймағында бір емес, бірнеше ғалым-ғұламалар мен ақын-шайырлардың өмір сүргендігін ескерсек, шығарма муаллифі хақындағы зерттеулер әлі де терецирек қарастыруды қажет етері анық.

Харазми “Махаббатнамада” бұған дейін парсы тілінде бірнеше туындылар жазғанын (Көңіл баҳрында көп гаунарларың бар, Ішінде парсы

Қыдыр Т. Харазми «Махаббатнамасындағы»...

дәптерлерің бар), оның шайырлық шеберлігін тани білген Ақ Орда әмірлерінің бірі - Коңырат руынан шыққан Мұхаммед Хожабек [2. 57] өзі туралы шығарма жазып беруді етінгенін (Тілермін кім біздің тіл бірлөшійда, Кітаби әйласаң бу қыш қатым да), соның нәтижесінде осы жәдігердің дүниеге келгенін баяндайды. Осылайша өз заманының белді бектерінің бірінен ұсыныс алған ақын шығармасын сол кездегі Шығыс мұсылман әдебиет үрдісіндегі “нама” дәстүрімен жазып шыққан. Харазмиден кейін осы жанрмен қалам тербеу түркі ақындарының арасында дәстүрге ұласып, XIV-XV ғасырларда “Махаббатнама” үлгісінде бірнеше шығармалар дүниеге келді һәм түркі сөз өнерінің аясы кеңеңе түсті.

“Махаббатнамадағы” өуелі, Алла атына, пайғамбар затына айтылған ұлықтау-мадақтаулар мен шығарма соңында Жаратушыға жалбарынған мінажаттан шығармның композициялық құрылымының сол дәүірдің әдеби тынысына толығымен бағынғанын аңғарсақ, ақынның ғашық пен мағшұқ бейнесін суреттеу арқылы ұлы махаббат тақырыбын сөтті аша білгенінің күесі боламыз. Екі ғашықтың арасында бір-біріне жолданған наз-тілектер мен ішкі сезімдердің астарланыш, жұмбақталыш берілуі, кейде арнайы ұғымдармен көмкерітуі, автор көтерген мәселенің басты ұстыны иләни ғашықтықта жатқандығынан хабар береді. Онысы түсінікті де. Себебі ақын өмір сүрген кезең, яғни XIV ғасырдағы діни үгіт-насихат, негізінен, сонылық дүниетаным тұрғысындағы тариқаттар тарарапынан жүргізіліш, қоғамдағы шайқы мен дәруаштердің орны нақтыланған уақыт болатын. Тасаууф саласына қатысты жазылған еңбектердің басым бөлігі де осы кезеңге тиесілі екендігі белгілі. Өз заманының жырын жарлаған Харазмидің де тариқат тізгінің ұстамаса да, белгілі бір дәрежеде осы іліммен нәпсі тәрбиелегенін аңғару қыны емес. Олай деуімзеге себеп, ақынның шығарма соңында өзінің хәлін баяндап:

خرا بط ايچره مسجدە پيريم بار
كيم اوش هم رندمين هم پارسامين

[3. 44/163]

деген жолдар мысал бола алады. Ол «Харабат ішпінде ... жерім бар, ...рендін һәм парсамын», деп өзінің жағдайынан хабар береді. Осындағы «харабат», «ренд» және «шарса» сөздерінің сонылық дүниетанымда өзіндік терең мәнге ие екендігі белгілі:

Харабат – сөздікте қираған, бұзылған жер деген мағына бергенімен де, сонылық дүниетанымда «шаралхана», «мейхана» деген ұғымдарға ие. Соңдай-ақ, сонының бүтіндей фәна болуы да харабат деп аталады. Ал, сонылықтағы шарап пен мейдің ғашықтық шарабы екенін ескерсек, «шаралхана», «мейхана» дегеніміз сонының Жаратушымен қауышатын, нәпсі тәрбиелейтін орны болмақ. Соңдықтан да Харазми өз шығармасының бірнеше жерінде көңілдегі қайғы-мұнды шаращен жууды ұсынады. Оны кейде «мей», «баде» деп берсе, кейбір жерде «жам» деген ұғыммен жеткізеді. Әр хаттың соңында келіп отыратын үш-төрг бәйітті мәснәуиде қайталаңып

келіш отыратын «сақыдан шарал сұрау» жолдары шайыр жүргінің ғашықтық шарабына қаншалықты ынтықтығын көрсетсе, сонымен бірге ақын бойына қуат, илһамына шабыт беретін рухани күшке айналған.

Ал, ренд дегеніміз, діни түсінік бойынша шаригат шарттарынан біле-тұра бас тарту, яғни ертеңгі күнгі жауапкершілігін білсе де, Жаратушының амалдарын орындау болса, сошылық дүниетанымда ғашықтық жолына түскен жаңынц үйлесінің алдампың қызықтарынан қашып, тәркілдүниелікке салынуы. Парса – күнәлі істерден бойын аулақ ұстая, шынайы діндарлық деген мағына береді.

Осындаған рухани кемелдікке кенеліп, нәпсі тәрбиелеудің жолына түскен шайыр өзінің айттар ойын өлең сөзбен өрнектеп қана қоймадан, сонымен бірге өзінің сошылықтағы қай дәрежеде екенін де айтып өтеді. Харабат пен рендке қадам басап, парсалыққа тырысқан ақын шығармасының сошылыққа мәнгеге құрылуы, Алла мен пәнде арасындағы ғашықтықтан, иләһи сырдан хабар беруінің мәні осында жатыр.

Әдетте, сошылық әдебиеттің басты ерекшеліктерінің қатарында, әуелі шығармандың идея-тематикалық жағынан ақынның иләһи ғашықтығы, яғни Жаратушының жамалына деген ынтықтығы бірінші кезекте тұрса, екінші, ондағы образдар мен сюжеттер, арнайы атаулар мен терминдер арқылы жүзеге асады. Шығыс мұсылман әдебиетінде, соның ішінде классикалық түркі жазба жәдігерлерінде кеңінен қолданылған сошылық терминдер (зікір, тариқат, мағрипат, шаригат, хақиқат, сама, суфи, тәуеккул, сұхбат, захир, батин, фәнәфилла, халқа жөне т.б.) мен символдық яғни шартты түрде берілетін атаулар (сақи, мей, мейхана, шараб, гүл мен бұлбұл, ләйлі-мәжнүн, жәми жәм, шам мен пәруана) терен һәм астарлы мәнге ие болыш, өзіндік терминдер жүйесін құрайды. «Махаббатнамада» да сошылық астары бар сақи, жәми жәм, пәруана (көбелек) мен шам, гүл мен бұлбұл секілді бірнеше образдар кездесіп отырады. Мысалы:

اگر پروانه جان بر کف ندارد

بکردد شمع گردیدن ندارد

[3. 32/175]

Немесе:

جهاندا سلطنت قول لار بیلا خوش

چمن نیک گل لاری بلبل بیلا خوش

[3. 5/202]

Бірінші өлең жолдарындағы көбелек (пәруәнә) мен шам, екінші бәйіттегі бұлбұл мен гүл секілді ұғымдардың мажази (дүниелік) ғашықтыққа қарағанда, мистикалық жағы басым. Көбелектің шамға, бұлбұлдың ғулғе ынтықтығының астарында пәнде мен Жаратушы арасындағы қарым-қатынас суреттелген.

Харазми де өзге сопы шайырлар секілді ғашық ақын. Ол осы жолда бақ пен бостандарда үшшіш сайрагысы келеді (*Сенің ышқында сайрапға*

Қыдыры Т. Харазми «Махаббатнамасындағы»...

Харазми, Бүгін әлемде бір бостан жоқ, ей жан). Ғашықтықта бүтіндей жоқ болғысы келеді (Сенің ышқында Харазми жоғалды). Мұндай жолда ғашық болу – кез-келген сопының арманы. Себебі ғашықтық жолдың жемісі – фәна, яғни негізгі ақиқатқа жеткізеді.

کرشمہ بیرلا عاشق اولتورو رسیز
رسیز اولتورو گان کیشی اولکایمو هر گز

[3. 44/163]

Немесе:

بیزنيک مذهب تا عاشقلارنى سیز لار
اگر اولتورسانكىز توان يوق اي جان

[3. 41/166]

деп жырлайды Харазми. Мұнда сопылық шарттардың бірі - өлмestен бұрын өл, қағидасы берілген. “Муту қәблә ән тәмуду” яғни “Өлмestен бұрын өл” деген - Алла жолында һауаи нәпсіні өлтіру, фәни дүниенің алдамшы нәрселерінен бас тарту. Себебі іштегі нәпсі өлмейінше, сопы ғашық болмайды. Осы жолда сопылар Жаратқаның жіберген кез-келген сынағына төзуге де дайын (Жападан еніремес бұл жолда ғашықтар).

Сопылық жолдағы махаббат - сыр. Иасауи, Бақыргани, Аттар, Мәуләуи секілді Ҳаққа ғашықтардың бәрі де махаббаттың сыр екенін жырлаған. Харазми де Мұхаммед пайғамбардың махаббатпен Алланың сүйіктісіне айналғанын айта келе:

محبت تین تو غار مینک تورلی اسرار
كونکول اسرارینی جان بیرلە اسرار

[3. 27/180]

яғни «Махаббаттан туады мың түрлі әсрар (сырлар), Көңіл әсрарын жан бірлә асрырар», -деп, махаббаттың түбі сыр екенін жазады.

Харазмидің «Махаббатнамасында» таза сопылық шығармалардағыдай тариқат пен хақиқат мәселелері аптып айттылмағанымен де, іштей сопылық астар алған. Ақынның сұлу сымбатты суреттеуінің астарында Ҳақтың жамалы жасырынған. Мұндай шығармалар сопылық әдебиетте мазхар деп аталац, Жаратушсың. Мұндай әдеби жәдігерлерде ақынның негізгі айтар ойы түспалданыш, барынша астарланыш беріледі. Осы жәдігерді діни тұрғыдан зерттей білген А.Ахметбекова: “Егер де Хорәзмидің “Мұхаббатнаме” дастанын сопылық әдебиет тұрғысында талдасақ, ақын шығармашылығының жабулы жатқан жаңа қырлары аптылары сезсіз”, - деп, ақын мұрасының бар сыры сопылық дүниетанымда жатқанын жазған [4. 39]. Соңдықтан да Харазми шығармасындағы ұғымдар мен атаулардың түшкі мәнін жете менгерместен, ақынның айтпақ ойын түсіну тіптен мүмкін емес.

Орта ғасырлық түркі жазба әдебиетінің бар құндылығы осында десек артық айтқандық болмас.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұхаббат-наме /Текст, транскрипция, переводы и исследование/. Москва, 1961.
2. Ә.Нәжіп. Мұхаммед Хожабекті 1357-1359 жылдары Алтын Орда билігі атынан Мәскеуге елші болыш барған Хожабек Мұхаммед екеуі бір адам болуы мүмкіндігін жазады. Қараңыз: “Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века”, Туркестан, 2004.
3. Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. (Аудар: Ә.Дербісөлин, М.Жармұхамедов, Ә.Күмісбаев). Алматы, 1986.; Р.Исламов. Алтын Урда һем мәмлүктер Мисыры: язмаа мирас, мәдени бағланыштар. Казан, 1998. 53-бетте.
4. Ахметбекова А. “Мұхаббатнаме” дастанының сопылық мәні. // ҚазҰУ-нің хабаршысы. Шығыстану сериясы, №1 (18). Алматы, 2002. 35-39 бб.

RESUME T.Kydyr (Turkistan)

The Louer's World in «Makhabbatname» by Harazmi

The article deals with the suphist and other terms from «Makhabbatname» by Harazmi written in the period of Golden Horde.